

4. Стрелков Н.С. Заключение о клиническом наружном применении гипохлорида натрия 0,06%, 0,12% в качестве антисептического раствора. Ижевская государственная медицинская академия. - 1997. - С. 145-167.
5. Утегенов Б.А., Дузельбаев Т.К. Применение гипохлорида натрия в комплексном лечении посттравматического остеомиелита. Актуальные вопросы теоретической и клинической медицины. - Актобе. - 2002. - С. 227-229.

РЕЗЮМЕ

Т.К. ДЮЗЕЛЬБАЕВ, Б.А. УТЕГЕНОВ, Т.Т. КУРГАМБЕКОВ, К.Б. ДУЙСЕНГАЛИЕВ

НАШ ОПЫТ ПРЕДОПЕРАЦИОННОЙ ПОДГОТОВКИ РАН ПОСЛЕ ОТМОРОЖЕНИЙ И ОГРАНИЧЕННЫХ ГЛУБОКИХ ОЖОГОВ К АУТОДЕРМАТОПЛАСТИКЕ

Западно-Казахстанская государственная медицинская академия имени Марата Оспанова, г. Актобе

Для местного лечения ран после глубоких ожогов и отморожений применяли 0,06% раствор гипохлорида натрия в сочетании с постоянным электрическим током. Анализ показал высокую эффективность этой методики: предоперационный период сократился на 7-10 дней и на 20-25% улучшилась приживаемость трансплантатов.

SUMMARY

T.K. DUZELBAYEV, B.A. UTEGENOV, T.T. KURGANBEKOV, K.B. DUISENGALIYEV

OUR EXPERIENCE OF PREOPERATIVE PREPARATION OF WOUNDS AFTER FROSTBITE AND LIMITED DEEP BURNS TO AUTODERMEOPLASTY

West Kazakhstan Marat Ospanov state medical academy, Aktobe city

0,06% hypochloride sodium solution in conjunction with the direct current is used for local treatment of wounds after deep burns and frostbites. The analysis has revealed high efficiency of such methodics: the post operative period has reduced for 7-10 days and engraftment has improved by 20-25%.

С.Б. РАХМАНОВ, Т.А. АДАЙБАЕВ, Е.Ж. БЕКМҰХАМБЕТОВ

ТӘЖІРИБЕЛІК ЖАНУАРЛАРДЫҢ АШ ІШЕГІНІҢ ӨРБІ БӨЛІМІНДЕГІ ЛИМФОИДТЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ТОПОГРАФ - АНАТОМИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы, Ақтөбе қаласы

Маңыздылығы. Асқорыту жолының жергілікті иммунитетінің құрылымдық негізі - кілегей қабатпен біріккен лимфоидты тіндер (mucosa associated lymphoid tissue, [MALT]) болып табылады. Аталған тіндер ішектің кілегей қабаты арқылы антигендердің енуін арнамалы мембранозды клеткалар арқылы (М-клетка) реттеп отырады. М-клеткалар ішек қуысынан субэпителиалды тінге макромолекуламен везикулдың тасымалдануын қамтамасыз етеді. М-клеткалар лимфоидты фолликулалардың (Пейер табақшалардың) үстінде В-лимфоциттердің түзілу орталықтарында орналасады [1,2].

Асқорыту жолының жергілікті иммунитет жүйесінде маңызды орын алатын секреторлық IgA (sIgA). Меншікті жапырақшаның плазматикалық клеткалары мен Пейер табақшалары IgA-ның димерлі молекулаларын өндіреді. Эпителиалды клеткалардың трансцитоз көмегі арқылы, IgA-ның димерлі молекулалары секреторлық компонентпен байланысып, sIgA-ға айналады. Иммуноглобулин молекуласы секреторлық компонент арқылы протеолизге төзімділік қасиетіне ие болады [3,4]. Н.В. Смагина, В.Д. Пасечников, С.З. Чуков өз зерттеулерінде ас қорыту жолындағы IgA-ның ең маңызды қасиеті - микроорганизммен, оның токсиндерімен, тағам және бактериалдық аллергендермен ішектің кілегей қабатында адгезияға ұшырауы, нәтижесінде олардың қанға түсуін тежейтіндігін айтады [5-7]. Сонымен қатар, IgA-ның қатысуымен түзілген имундық кешеннің ішектің кілегей қабатына зақымдаушы өсер көрсетпейтіндігі (себебі sIgA комплементтің компоненттерін байланыстырмайды) бұл құрылымның ерекшелігін көрсетеді.

М.Р. Сапин және т.б. зерттеушілер ас қорыту мүшелерінің қабырғасында орналасқан лимфоидты түйіншіктер мен лимфоидты қатар клеткалары организмнің имундық қорғанышының біріншілік «тізбегіне» жататындығын [8-10] және сырттан түскен көптеген әр түрлі антигендермен олардың жанасуы жүретіндігін атап көрсетті. Ж.А. Шаршембиев, Д.Б. Никитюк ас қорыту жолының кейбір бөлімдері жұтқыншақ пен соқыр ішек лимфоидты құрылымдардың ерекшеліктерін зерттей отырып, шашыранды орналасқан лимфоидты түйіншіктер жұтқыншақтың қабырғасында соқыр ішекпен салыстырғанда өте аз болатындығын, ал соқыр ішектен тоқ ішектің жоғарылайтын бөліміне өткен жерінде лимфоидты түйіншіктердің орналасу тығыздығының соқыр ішекпен салыстырғанда өзгермейтіндігін анықтаған. Ал олардың көлемдері бойынша ең ірі лимфоидты түйіншіктер, илеоцекальды қақпақша және құрт тәрізді өсіндінің тесігі аймағында кездесетіндігін атап көрсетті [11]. Д.Е. Григоренко, Э.Б. Елаева және т.б. зерттеушілер мықын ішектің дистальды бөлімінде лимфоидтық табақшалардың айқын болатындығын, олардың 5-7 ірі лимфоидты түйіншіктерден тұратындығын анықтаған. Соған қарамастан, соңғы кездері әдебиеттерде зертханалық жануарлар мен адамдардағы аш ішек кілегей қабатымен біріккен лимфоидты тіндерді зерттеуге [12,13] көп көңіл аударылуда. Дегенмен арнайы толық анатомиялық зерттеуді қажет ететін аш ішек қабырғасындағы лимфоидты құрылымдарды зерттеу жөніндегі мәліметтер әдебиеттерде кездеспейді әрі бұл мәселелер өз шешімін тапқан жоқ.

Зерттеу мақсаты - қалыпты жағдайдағы егеуқұйрықтардың аш ішегінің жоғарғы, ортаңғы және төменгі 1/3 бөліміндегі лимфоидтық құрылымдардың салыстырмалы анатомо-топографиясын зерттеу.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу 180-200 гр. салмақтағы 20 тексіз егеуқұйрыққа жасалды. Тәжірибелік жануарлардан эфир наркозымен декапитация жолы арқылы, аш ішегі толық ажыратылып алынды. Алынған аш ішек препараты 40-60 минут бойы ағын суда жуылып май және дәнекер тіндерден, ұсақ қан тамырлардан тазартылды. 15 минут қайталап жуылғаннан кейін ішек қуысы ұзына бойы шажырқайлық жиегінен ашылды. Аш ішек ұзындығы орташа шамамен $130,7 \pm 4,0$ см болды, әрбір ішек препараты тең жоғарғы, ортаңғы және төменгі 1/3 бөліктерге бөлінді. Толық алынған препарат Хеллман тәсілі бойынша боялды [11,14].

Толық дайын болған препараттар 18 сағат бойы 3 %-дық мұздатылған сірке қышқылына салынды. Экспозициядан кейін 2 сағат бойы препарат ағын суда жуылып, 24 сағатқа 1 %-дық Гаррис гематоксилин ерітіндісіне салынды. Жеткілікті дәрежеде боялған препарат қайтадан 30 минут бойы ағын суда жуылып, 12 сағатқа 2 %-дық мұздатылған сірке қышқылына салынды.

2 %-дық мұздатылған сірке қышқылы Гаррис гематоксилин ерітіндісін лимфоидты құрылымдарда қалдырып, ал қоршаған тіндерден оның тазаруына ықпал етеді. Алынған препараттар 1 сағат бойы сірке қышқылының иісі кеткенше ағын суда жуылды.

Препараттар 5 %-дық бейтарап формалин ерітіндісінде сақтауға дайын.

Алынған барлық препараттардағы лимфоидтық құрылымдар зерттеуге мүмкіндік беретіндей анық, ашық фонда қара-көк түске боялды. Жарықтандыру және ұлғайтқыш құрал арқылы лимфоидты құрылымдар саны, орналасу тығыздығы, және олардың мөлшері анықталды.


Зерттеу нәтижесі және оны талдау. Зерттеу нәтижесінде аш ішектің кілегей қабатында жинақталған және шашыранды әр түрлі көлемдегі лимфоидтық құрылымдар анықталды. Олар кілегей бетіне ішек қуысына қарай көтеріліп шығыңқы орналасқан, пішіні әр түрлі.

Хеллман әдісімен бояу арқылы анықталған лимфоидты түйіншіктердің әр түрліліктері анықталды. Ішектің әрбір жоғарғы, ортаңғы және төменгі 1/3 бөлімдерінің қабырғасындағы лимфоидтық құрылымдар салыстырылды.

Аш ішектің жоғарғы 1/3 бөлімінде (1 сурет) жинақталған лимфоидтық құрылымдар сирек орналасқан, кейбір егеуқұйрықтарда тіпті кездескен жоқ. Жинақталған лимфоидтық құрылымдардың орташа саны $3,28 \pm 0,43$, ал шашыранды орналасқан түйіншіктердің орташа саны $1,5 \pm 0,74$. Осы бөлімде кездескен ең үлкен лимфоидтық табақшаның көлемі $5,0 \times 6,0$ мм болды.

1-сурет


Аш ішектің жоғарғы үштен бір бөлімі. Хеллман әдісімен боялған.
Препарат 4-ке бөлініп көрсетілген



Ал, аш ішектің ортаңғы 1/3 бөлімінде (2-сурет), жоғарғы 1/3 бөлімімен салыстырғанда көбейе бастайды. Жинақталған лимфоидтық құрылымдардың орташа саны $5,35 \pm 0,22$, ал шашыранды орналасқан түйіншіктердің орташа саны $5,42 \pm 1,11$. Аш ішектің ортаңғы 1/3 бөліміндегі ең үлкен лимфоидтық табақшаның көлемі $7,0 \times 4,0$ мм болды.

2-сурет


Аш ішектің ортаңғы үштен бір бөлімі. Хеллман әдісімен боялған.
Препарат 4-ке бөлініп көрсетілген



Аш ішектің төменгі 1/3 бөлімінде (3-сурет) жинақталған лимфоидтық құрылымдар жоғарғы екі бөліммен салыстырғанда жиі кездеседі, орташа саны $6,57 \pm 0,32$, ал шашыранды орналасқан түйіншіктердің орташа саны $12,6 \pm 2,5$. Ең үлкен лимфоидтық табақшаның көлемі $9,0 \times 7,0$ мм болды.

3-сурет

**Аш ішектің төменгі үштен бір бөлімі. Хеллман әдісімен боялған.
Препарат 4-ке бөлініп көрсетілген**



Қорытынды. Аш ішектің бойында каудальды бағытта лимфоидтық құрылымдардың саны көбейеді, әрі жиі орналасқан. Төменгі 1/3 бөлімінде (дистальды бөлімінде) жоғарғы екі бөліммен салыстырғанда саны 1,5 есеге жуық көп және тығыздығы ұлғаяды. Бұл жағдайды аш ішектің дистальды бөлімінде микробтар флорасы санымен және әр түрлі антигендік қосындылардың көптігімен байланыстырамыз.

Лимфоидтық құрылымдардың аш ішектің қабырғасындағы жинақталуы және организмнің инфекцияға, бөгде заттарға қарсы тұратын қорғаныш жүйесінің негізгі компоненті болып табылатынын ескерсек, эндо және экзоуланулар жағдайында олардың саны, пішіні, көлемі және тығыздығы өзгереді. Сондықтан қалыпты жағдайда аш ішек бойындағы лимфоидтық құрылымдардың көрсеткіштерін анықтау деректерін тәжірибелік зерттеулерде эталондық негізге алуға болады.

Әдебиеттер:

1. Аруин Л.И., Капуллер Л.Л., Исаков В.А. Морфологическая диагностика болезней желудка и кишечника. - Москва: Триада-Х. - 1998. - 143 с.
2. Беляков И.М. Иммунная система слизистых // Иммунология. - 1997. - №4. - С. 7-12.
3. Андерсен Л., Норгард А., Беннедсен М. Клеточный иммунный ответ организма на инфекцию *Helicobacter pylori* // Российский журнал гастроэнтерологии, гепатологии, колопроктологии. - 1999. - №2. - С. 22-26.
4. Kirchner T., Steininger H., Faller G. Immunopathology of *Helicobacter pylori* gastritis. Digestion. - 1997. - 58. - P. 14-16.
5. Пасечников В.Д., Чуков С.З. Воспалительный и иммунный ответы слизистой оболочки желудка на инфекцию *Helicobacter pylori* // Клиническая медицина. - 2000. - №11. - С. 9-12.
6. Смагина Н.В. Особенности иммунитета у мужчин с язвенной болезнью желудка и 12-перстной кишки, ассоциированной с *Helicobacter pylori* // Журнал микробиологии, вирусологии, иммунологии. - 2000. - №2. - С. 57-60.
7. Чуков С.З., Пасечников В.Д. Особенности иммунологического ответа у *Helicobacter pylori*-инфицированных больных хроническим гастритом // Российский журнал гастроэнтерологии, гепатологии, колопроктологии. - 2001. - №6. - С. 48-52.

8. Сапин М.Р., Ламажапов Г.П., Жамсаранов С.Д., Григоренко Д.Е., Ерофеева Л.М. // Лимфоидные структуры в стенке слепой кишки мышей в условиях иммунной депрессии и ее коррекции липосомальными средствами // Морфология. - 2001. - Т.120. - №4. - С. 42-44.
9. Сапин М.Р., Этинген Л.Е. Иммунная система человека. - М.: Медицина. - 1996. - 412 с.
10. Адайбаев Т.А., Изтлеуов М.К., Ильясова Э.Т. Морфофункциональные особенности кишечнорастворимой лимфоидной ткани в онтогенезе. Вопросы морфологии и клиники. - Алматы. - 2006. - Выпуск 18. - С. 8-14.
11. Шаршембиев Ж.А., Никитюк Д.Б.. Сравнительная характеристика лимфоидного аппарата некоторых отделов пищеварительного тракта взрослого человека с учетом индивидуальной анатомической изменчивости // Здоровоохранение Киргизии. - 1991. - №2. - С. 34-35.
12. Масленников И.В. клеточный состав лимфоидных бляшек тонкой кишки при различном содержании микроорганизмов в питьевой воде // Авиокосмическая и экологическая медицина. - 1998. - №1. - С. 68-74.
13. Epithelial M cells: differentiation and function. J-P. Kraehenbuhl, M.R. Neutra // Annu. Res. Cell Dev. - 2000. - V. 16. - P.301-332.
14. Мауль Я.Я. Анатомия и топография лимфоидных образований прямой кишки человека в постнатальном онтогенезе. Автореферат канд. дисс. - Актобе. - 1999. - 28 с.

РЕЗЮМЕ

С.Б. РАХМАНОВ, Т.А. АДАЙБАЕВ, Е.Ж. БЕКМУХАМБЕТОВ

ТОПОГРАФО - АНАТОМИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИМФОИДНЫХ ОБРАЗОВАНИЙ РАЗЛИЧНЫХ ОТДЕЛОВ ТОНКОГО КИШЕЧНИКА ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ЖИВОТНЫХ

Западно-Казахстанская государственная медицинская академия имени Марата Оспанова, г. Актобе

При изучении топографии и макроскопического строения лимфоидных образований различных отделов тонкого кишечника белых беспородных крыс выявлены следующие данные: размеры, количество и плотность консистенции лимфоидных образований тонкого кишечника увеличиваются в дистальном направлении, что объясняется сложностью функций кишечника в этих отделах.

SUMMARY

S.B. RAKHMANOV, T.A. ADAIBAYEV, E.ZH. BEKMUKHAMBETOV

TOPOGRAPHIC AND ANATOMIC FEATURES OF LYMPHOID FORMATION OF DIFFERENT PARTS OF SMALL INTESTINES OF LABORATORY ANIMALS

West Kazakhstan Marat Ospanov state medical academy, Aktobe city

During the study of topography and macroscopic of lymphoid formation of different parts of small intestines in white outbred rats the following data were revealed: the size, the quantity and the density of consistence of lymphoid formation of small intestines are increased in distal direction which is explained by complex function of intestines in these parts.